

жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы  
✓ 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013  
жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің  
жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Ақпараттық-  
коммуникациялық технология» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №  
576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018  
жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта  
және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым  
министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге  
асырылады;

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта  
білім беру ұйымдарда меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына  
қарамастан «Орта білім беру ұйымдарда 2021-2022 оқу жылының басталуын,  
ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы  
27 шілдедегі №368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы - 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды сыныптарда – 32 апта, 1-  
сыныптарда - 33 оқу аптасы 2-11 /12/ сыныптарда - 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:  
1-11 (12) сыныптарда:

Күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

Қысқы - 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9  
қаңтарды қоса алғанда),

Көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

Мектепалды сыныптарда, 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн  
(2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда)

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші  
сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан  
үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз  
шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан  
өткізіледі ([www.pao.kz](http://www.pao.kz)).

Мектепалды сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса  
алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды  
қоса алғанда),

көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);  
қосымша каникулдар – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда)

Сабақтарды өткізу мерзімі мереке күндерімен, ауа райының  
қолайсыздығына және карантин енгізілуіне байланысты әктіленген күндермен  
сәйкес келген жағдайда, тақырыбын/оқу мақсаттарын оқу пәні бойынша  
жақын/ұқсас тақырыптармен/оқу мақсаттарымен біріктіріп/тұтастырып,